

Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігіне, оның аумақтық органдары мен мамандандырылған мемлекеттік мекемесіне көлік қызметін көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 29 қазандағы № 317-НҚ бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 93-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 02.04.2024 № 93-НҚ бұйрығымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 69-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігіне, оның аумақтық органдары мен мамандандырылған мемлекеттік мекемесіне көлік қызметін көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарының заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Әкімшілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі Аппаратының басшысы Ғ.А. Садырбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ж. Элиманов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

2021 жылғы " _____ " _____

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігі
Төрағасының
2021 жылғы 29 қазандағы
№ 317 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігіне, оның аумақтық органдары мен мамандандырылған мемлекеттік мекемесіне көлік қызметін көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарының заттай нормалары

р/т №	Арнайы көлік құралдарын пайдалануға құқығы бар құрылымдық бөлімшенің атауы	Арнайы көлік құралдарының заттай нормалары		1 а/м жүру лимиті айына (км)
		Ж е ң і л автомобильдер базасында	ж ү к автомобильдерінің және жолаушылар автобустарының шассилерінде	
1	2	3	4	5
1	Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі	17	5	2600
2	саны 60 штаттық бірлікке дейін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменттері	7	1	2600
3	саны 80 штаттық бірлікке дейін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменттері	8	1	2600

4	саны 80 штаттық бірліктен астам облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменттері	12	2	2600
5	Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Кинологиялық орталығы	2	1	2600

Ескертпе:

* жеңіл, жүк автомобильдерінің және жолаушылар автобустары мен шағын автобустардың шассиіндегі қозғалтқыш көлемі автомобиль моделіне байланысты